

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ЖАҚЫП АҚБАЕВ

Өскембаев Қ.С., т.ғ.к., профессор
Еуразия гуманитарлық институты
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Биыл «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшыларының бірі, қазақ халқынан шыққан тұңғыш құқық магистрі. Жақып Ақбайұлының туғанына 145 жыл толып отыр. Ол 1876 жылы 7 қараша күні Қарқаралы оязының Берікқара ауданындағы №3 ауылда, Төңірекес алқабында туған (қазір Ақтоғай ауданы). Ақбай әулеті Қарқаралы өңіріне белгілі ауқатты, әлді жанұялардың бірі болған. Ол кейде атасы Жандеркенің фамилиясын ара-тұра пайдаланып тұрған. Ж.Ақбаев өз қолымен толтырып қалдырған өмірбаянында әкесін – кедей, өзін жалшы ретінде көрсетуі бай біткеннің бәріне тас атылған заманның ыңғайына қарай жазылған деп түсінген жөн. Ақбайдың Ыбырай, Мәжит, Жақып, Бек атты төрт ұлы, Шәмшіқамар есімді қызы болған.

Ж.Ақбаев 1886 жылы Қарқаралы қаласындағы орыс-қазақ мектебінің интернатына беріліп, оны бітіргеннен кейін Омбы гимназиясына түсті, сонан соң Томск гимназиясына ауысты. 1898 жылы Томск гимназиясы берген кәметтік аттестатта оның Омбы гимназиясында 7 жыл және Томск гимназиясында бір жыл оқығаны айтылған [1,8 б.]. Осы жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсті. Ол Ресейдің осындай беделді оқу орнының студенті болған екінші қазақ еді (біріншісі – Б.Қаратаев). Ол кезде студенттер саясатқа араласпауға, қоғамдық ұйымдарға қатыспауға тиісті болатын, сол үшін тіпті олардан қолхат алатын. Патша үкіметі зиялыларды саясаттан қанша аулақ ұстамақшы болса да, бірақ оқу орындары мен қоғам арасындағы байланыстарды жоя алмады. Студенттердің алдыңғы қатарлы топтары білім алумен бірге оқу орнының қабырғасынан тыс жерлерде таралып жатқан демократиялық идеяларды бойына сіңіре берді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы Ресей үшін революциялық қозғалыстың дамыған кезеңі болғаны мәлім. Ақбаев осы кезеңде ұлттық демократиялық көзқарастар мен идеяларды бойына сіңірді, танысты, сараптай білді. Патша өкіметі мен оның отаршылдық саясатына нақты қарсы болғанымен, ол әрқашан қантөгіс пен жай адамдарға қайғы-қасірет әкелетін революциялық зорлық-зомбылықты ешқашан жақтаған емес. Сондықтан ол тіпті ең өткір мәселелерді де өркениетті жолмен, жүйенің кеселдерін ашық сынау, әшкерлеу, құқылық негізде іс-қимыл жасау жолымен шешу мейлінше қолайлы деп санады [1,8 б.].

Талантты Жақып студент болған жылдары өзінің білімділігімен оқытушылардың назарын аударды. Оған мысал, магистрлік диссертация жазған кезде оның ғылыми жұмысына жетекшілік етуге ректордың өзі, қабілетті студентке жылы қарайтын құқықтанушы профессор Гольмстен өз ықыласын білдірген. Ал оның білімге деген құштарлығын 1901 жылғы тамыз айынан өз университетіндегі оқуын жетекші академиялық оқу орындарының бірі Археологиялық институтта дәріс тыңдаумен ұштастырып, осы ғылыми орталықтың корреспондент мүшесі болуынан көреміз.

Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітіріп, қазақ халқының тұңғыш «право магистрі» деген атаққа ие болған Ж.Ақбаев 1903ж. туған еліне оралып көп ұзамай Қарқаралының ауқатты татар байы Халиолла Бекметовтың бойжеткен сұлу қызы Гүлбахорға үйленеді. 1903-1905жж. Омбы сот палатасында қызмет атқарады.

Ж.Ақбаевтың патша өкіметі тарапынан алғаш сенімсіздікке ұшырауы 1905 жыл болып табылады. 1905-1907 жылғы орыс революциясы қазақ даласындағы ұлттыққозғалыстың бел алуына өз ықпалын тигізді. 1905 ж. көктемінде Қарқаралыға демалысқа келген Ж.Ақбаев Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсыновтармен қосылып кең байтақ даладағы жазғы тұрақтарда жергілікті қажеттіліктер менбарлық қазақ халқының мұқтаждықтарын талқылаған съездер өткізді. Осы жылы барлық дала жәрмеңкелері қазақтардың саяси съездері өткізілген майданға айналды [2,10-20 бб.]. Мысалы: 1905 жылы шілдедеҚарқаралы қаласына таяу Қоянды жәрмеңкесінде «Алаш» көсемдерініңбастамасымен қазақ съезі өтті. Съезде Ресей Министрлер Кеңесінің Төрағасына арыз-тілек (петиция) қабылданды. Оған 14 500 адам қол қойған еді. Ескерте кету керек, бір ғана Қарқаралыдан Ресей астанасына жөнелтілген петициялардың санының өзі үшеу. Көпшілік тарихшылар бұлардың бәрін бір ғана құжат деп санап, жаңылысып жүр. Аталған петициялардың негізгілерінің соңында талап бойынша ел билігіндегі қызмет адамдары – болыстыр, старшын билері мен ел құрметіне бөленгендер аттарын жазып көрсеткен. Соның алғашқы петициясына қол қойған 42 адамның тізімдері ішінде Ақсары болысынан – Балсейіт Матаев, М.Төлеубаев; Кент болысынан – Кәрібай Матаев, Т.Жандыбаев; Қу болысынан – М.Тәттімбетов, М.Ақаев; Едірей болысынан – О.Қондыбаев; Темірші болысынан – С.Ханғожин, О.Жанғабылов; Берікқара болысынан – А.Жандеркин, С.Мейіржанов, Өскенбай

Бөгенбаев; Нұра болысынан – А.Дәулетов; Ақбота болысынан – Ж.Құлбатыров, Б.Ботабаев; Дегелең болысынан – К.Төлебаев, Т.Қашақов және т.б. бар. Бұл петицияларда мынадай талаптар қойылды: шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтату, қазақтар үшін дербес діни басқарма ұйымдастыру, цензураны жою, ресми іс қағаздарын қазақша жүргізу, қазылар сотын енгізу, қазақ депутаттарын Мемлекеттік Думаға шақыру туралы жобаны жасау жөніндегі кеңестің жұмысына қатыстыру. Қарқаралы петициясы қазақ халқының қоғамдық-саяси өміріндегі аса зор оқиғалардың бірі болып саналады. Мұнда патшалық әкімшіліктің жүргізген қоныстандыру саясатының озбырлығы, оның қыры мен сыры ашылған. Петицияда негізгі талаптардың қатарында қазақтың күнделікті мұқтаждықтарын айқындап отыру үшін қазақ тілінде газет шығару қажеттігі жайындағы мәселе тұңғыш рет ресми түрде көтерілді.

Ж.Ақбаев 1905 жылы 2 қарашада өз өтініші бойынша Омбы сот палатасынан жұмыстан шығып өлкедегі саяси оқиғаларға белсене араласып кетті. Әсіресе патшаның 17 қазан манифесі шыққанынан кейін оның мәнісін түсіндіру үшін жер-жерлерде жиындар өткізді, алғашқы мақалаларын жергілікті газеттерге жазды. Осыған сәйкес 1906 ж. 12 қаңтарында ол алғаш рет тұтқындалып Семей түрмесіне айдалды [2]. Сегіз ай түрмеде отырып, жазығы жоқ делініп, ешқандай айып-пұл төлемей бостандыққа шығады. Алайда, өз заманасының озық ойлы білімді азаматының болашақ өмірі осындай қуғын – сүргінмен, айдаумен өтті.

Түрмеден босап шыққаннан кейін ол, «Степной край (Омбы) газетінде отарлау аппаратының озбырлығы мен жүгенсіздік әрекеттерін, самодержавиенің халыққа жат саясатын әшкерелеген мақалалар жазып, еңбекшілерді патша өкіметінің отаршылық саясаты мен езгісіне қарсы күреске шақырды. 1906-1918 жылдары (ішінара үзілістермен) Семей округтік сотында қызмет істейді. 1906 жылы императорға тіл тигізгені, өкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізген мемлекеттік қылмысы үшін тағы тұтқындалып 1908 ж. алғашында Ақмола облысының Омбы оязына 5 жылға жер аударылып, кейін 1909 ж. 19-наурызда Ресей ІІМ-нің шешімімен «өзі таңдаған жерге жіберілсін» деп, Жетісу облысының Қапал қаласына жіберіледі. Ал, 1910 жылы патша өкіметіне қарсы күресін тоқтатпағаны үшін Тобыл қаласына жер аударылады. Сол айдауда жүрген кезінде Тройцк қаласында шығып тұрған «Айқап» журналына мақалалар беріп тұрған. Бір өкінішті жай, оның бүркеншек аттары әлі күнге дейін толық анықталған жоқ.

1912 жылдың ақпанында туған жері Қарқаралыға қайтып оралған Ж.Ақбаевқа полиция көз жазбай қадағалау жасап отырды. 1913 жылы онда Ш.Уәлихановтың досы, қазақ мәдениеті мен ауыз әдебиеті шығармашылығын зерттеуші Г.Потанин келеді. Болашақ қазақ халқының белгілі қоғам қайраткері Ә.Ермековтің басшылығымен болған Потаниннің бұл сапары туралы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Н.С. Смирнованың деректерінде кездеседі [3, 382 б.]. Потаниннің жазбалары бойынша Ермековтің ауылына барар жолда олар Майлыбұлақтағы Жұмыс Ақбаевтың үйіне түсіп қонақ болған. Петербургте оқыған, орыс мәдениетімен жақсы таныс Ж.Ақбаев та қонақтар құрметіне әнші-күйшілер қатысқан кеш ұйымдастырады. Кеште Семей гимназиясында оқитын қазақ жастары орыс ақындарының өлеңдерін оқиды. Осы оқиға Потаниннің күнделігінде «Необычайно было слушать стихотворения Некрасова от киргизской девочки-гимназистки», - деп жазылған. Әсіресе, Потанинге қазақтың лирикалық әндері қатты ұнаған. Қазақтардың музыкасын ол «өте бай» – дей келіп, «...маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» – деп айтуы, мүмкін осы кездесулерден кейін болу керек [4, 5 б.]. Қазақ халқының үлкен досы Потанин қазақтар туралы тебірене сөз сөйлеп, көшпелі халықтың болашағы туралы: «Через пятьдесят лет казахи будут поставлять на столичные подмостки певцов и музыкантов, и может быть, с этого начнется их национальное возрождение» [5] – деген көрегендік сөздер айтады. Соның дәлелі емес пе, бүгінгі қазақ эстрадасы және ұлттық сахна өнерінің аяқ алысы өте үлкен табыстарға толып, композиторлар мен әншілер өз өнерлерін дүниежүзілік деңгейде паш етіп, баспасөз беттерінен көрінуі.

Ұзаққа созылған айдаудан қайтып оралып, әбден тыныққан соң Ж.Ақбаев 1914 жылдың жазында өзін Омбы сот палатасына қызметке қабылдауға өтініш береді. Алайда оның өтініші «саяси сенімсіздігі», «мемлекеттік құрылысқа қарсы сөйлеген сөздері», «бұратаналарды азаттық күреске шақырғаны», «ұлы мәртебелі патшаға тіл тигізгендігі» және т.б. қылмыстары үшін қабылданбай тасталды. Ж.Ақбаев езілген жерлестерінің мүдделерін қорғап, адвокаттық практикамен айналыса бастады. Осы кезде оны қуғындау мен қудалаудың жаңа кезеңі басталып, көп ұзамай ол Семей түрмесіне жабылды. Қамаудан 1917 ж. басында шығып, патша тақтан құлағаннан кейін Ә.Бөкейханнан Минск қаласынан арнаулы жеделхат алып, елдегі саяси өзгерістерге белсене араласып кетті.

Тез іске кіріскен Ж.Ақбаев қазақ, орыстарды жинап, 1917 жылы 20-наурызда Қарқаралыда Уақытша өкіметтің уездік біріккен атқару комитетін құрады. Оның құрамына Жұмыс Ақбаев,

Мұхсын Бекметов, Фатих Бекметов, Нармамбет Орманбетов, Нығмет Нұрмақов кірді. Комитет мүшелерінің қалған 15-і бұрынғы билеуші шенеуніктерден еді. Комитеттің өз ішінде жік туғанда казак әскерінің басшылары, бұрынғы отаршыл үкіметтің әкімдері казактарға теңдік бермеуге ұмтылды. Тіпті, Ақбаевтың ертедегі қылмыстарын қайта көтеріп, ұлт араздығын қоздырушы түрінде көрсетпек болды. Алайда оның ақтығы дәлелденіп, оның қарсыластары комитет құрамынан шығарылды [2,51 б.].

Ж.Ақбаевтың қоғамдық-саяси қызметінің бұдан кейінгі көрінісі «Алаш» қозғалысынан табылды. 1917ж. ол Алаш партиясының жұмысына қызу кірісіп, Алашорда үкіметін құруға қатысады. 21-28 шілдеде Орынборда өткен бүкіл казак съезіне қатысып, оның басшы құрамына енгізілді. Сол жылы 5-13 желтоқсанда өткен Орынбордағы 2-ші бүкіл казак съезінде «Алашорда» үкіметінің мүшесі болды [6; 7]. Съезде ол 26,5 мың жауынгерден тұрақты армия құру идеясын ұсынды. Кейініректе үш алаш полкіні құруға басшылық етті, олардың екеуі Семейде, ал үшіншісі Торғайда орналасты. Торғай полкінің бірнеше бөлімшесі Жымпитыда орналастырылды. Ол маман-ғалым ретінде мемлекеттік құрылысты белгілеуде, Алашорда автономиясының мемлекеттік институттары мен үкіметін құруда бірінші дәрежелі рөл атқарды. Алашорда автономиясының шекарасын анықтауға, Ресейден қайтаруға тер төкті.

1918 жылы Семей қанқұйлы зұлымдықтарымен атағы шыққан ақ казактардың қолына көшті. Олар алашордалықтарға қырын қарап, ұлттық дербестікті қайткен күнде де сақтап қалуға ұмтылған Ж.Ақбаевты қамауға алды. 1919 жылы түрмеден шығысымен Қарқаралыға келген бойда колчакшыларға, атамандардың озбырлығына қарсы күресі үшін тағы да абақтыға түсті. Алаш автономиясын сақтап қалу мақсатымен ақ казактарға қарсы қарулы көтеріліске басшылық еткені үшін колчактық әскери-дала соты 1919 жылғы 7 шілдеде Ж.Ақбаевты атуға үкім шығарды. Үмітін үзген Жақып Ақбаев қарсы өтініш жасаудан бас тартады. Алайда 1919 жылы ақ казактар толық жеңіліске ұшырап, Қазақстан арқылы Қытайға қашып кете бастады. Бірақ бұрынғы жүйені қалпына келтіруден үміт үзбеген олар алдыңғы қатардағы ұлт қайраткерлері арқылы казак халқын одақтас етуге ұмтылды. Көпшілігі дворян отбасыларынан шыққан білімді офицерлер казак зиялыларына, ықпалды өкілдеріне жақындап өз жағына тартуға тырысты. Ж.Ақбаевтың халық арасында зор танымал екенін біліп және мұны өз мүдделеріне пайдалануға асығып, ақ казак корпусының командирі Березовскийдің (Петербург университетінде Ж.Ақбаевпен бірге оқыған), Сібір үкіметінің төрағасы Вологодскийдің ұсынысы бойынша үкімнің күші жойылып, ол қамаудан босап шықты. Әрине бұл істе Ә.Бөкейхан бастаған Алаш жетекшілері де қарап жатпағаны белгілі [8, 116 б.].

Семей ақ казактардан азат етілгеннен кейін Ж.Ақбаев облыстың заң мекемелері құрылысына жігерлі түрде араласты. Оның өмірбаянында мынадай жолдар бар: «1920 жылғы қыркүйектен бастап мен Семей губревкомының әділет бөліміне басшылық еттім. Менің тікелей қатысуыммен губерниялық сот-тергеу учаскелері құрылды. 1920 ж. сәуір айынан бастап мен Семей кеңестік халық сотының мүшесі қызметін атқардым. 1921 жылдың қараша айынан 1922 жылғы ақпанға дейін халық ағарту бөлімінде жұмыс істедім, қазақтың ауыз әдебиеті шығармаларын жинау жөніндегі комиссияның төрағасы болдым...» [1, 9 б.] - дейді. Алайда сол жылы ол өкпе ауруына ұшырап Қарқаралыға қайтып оралады.

Қол қусырып қарап отыруға дағдыланбаған Ақбаев денсаулығын сәл жақсартып алған соң 1925 жылы Семейге келіп, губерниялық атқару комитетінде, халық сотында әр түрлі қызметтерде істей бастайды. 1926 жылдың шілдесінен 1927 жылғы 13 желтоқсанға дейін ол Семей губерниялық соты жанындағы адвокаттар алқасы мүшесінің міндетін атқарады. Сол жылы ол сүйікті ғылымына қайтып оралып, «Қазак халқының шығу тегі туралы» деген еңбегін жазды. Бірақ жариялап үлгермеді. Осы бір құнды еңбек көшірмесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ғ.Сапарғалиевтің жеке архивінде табылды. Белгілі ғалым Қ.Мұхаметханов бұл еңбектің түпнұсқасы Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінде сақтаулы дейді.

1928 жылы ол көп қиындықпен Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі болып орналасады. Елден алыс кетуі жаңадан ұйымдастырыла бастаған Голощекиндік саяси айыптаулардан аулақ болу.

Солай бола тұрса да, Ж.Ақбаев 1930 жылы 14 қыркүйекте ОГПУ жөндеттері «контрреволюциялық әрекеті» жөнінде айып тағып, оны абақтыға отырғызады. Бұл бар кінәсі өз халқының бақыт пен бостандық тілегені болып табылатын бұрынғы алашордашыларға қарсы жаппай террордың басы болатын. Олардың біреулері атылды, біреулері Сібір лагерлеріне қамалды, енді біреулері Ресейдің меңіреу солтүстік аудандарына айдалды. Денсаулығы нашар Ж.Ақбаев қамауда тергеушілердің сан алуан азаптары мен қорлықтарын бастан кешірді. Түрме тозағында бір жарым жыл болғаннан кейін, 1932 жылғы сәуір айында ол атақты 58-10 және 59-3 баптар бойынша

айыпталып, 5 жыл мерзімге Воронеж облысына жер аударылып жіберілді. Онымен бірге Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі, жазушы – драматург Қошкел Кемеңгеров те сол жаққа жер аударылды [9, 10 б.].

Денсаулығы мүлдем нашарлаған Ж.Ақбаев мерзімінен бұрын босап, Алматыға емделуге келуге рұқсат алды. Бірақ мұнда көп тұрмады, асқынған аурудың салдарынан 1934 жылы 4 шілдеде қайтыс болды. Сталиннің жазалау жылдарында кінәсіз қаза тапқан басқа да көптеген патриоттармен бірге Жақып Ақбаев Қазақстан Жоғарғы сотының 1958 жылғы 28 ақпандағы шешімімен толық ақталды. Алайда бұл хабар оның жақын туыстарына 1990 ж. ғана жеткен.

Сонымен, алты Алаштың ардағы болған Жақып Ақбаевтың таланты алуан қырлы болған. Ол қазақ арасынан шыққан тұңғыш құқық магистрі, тарихшы, энциклопедиялық білімі бар ғалым, қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы қажырлы күрескер. Оның есімі тәуелсіз Қазақстан тарихынан заңды орнын болашақта да ала бермек. Ж.Ақбаевтан Кәмілмұрат (1910-1960), Кәмілшат (1916-1976) атты екі ұл, Аргуня, Наймания, Аспазия, Андромеда атты төрт қыз тарайды. Ұлдары қуғын-сүргін көп көріп, Ұлы Отан соғысына қатысып, мұғалімдікпен айналысты. Қыздары әке жолын қуып, бүкіл өмірлерін ғылымға арнады. Аргуня химия ғылымының кандидаты, Наймания филология ғылымының кандидаты, Андромеда биология ғылымының кандидаты болса, Аспазия заң ғылымының кандидаты болып, әке атағын аспанға шығарып, абыройын асырды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Ж.Ақбаевтың саяси-құқықтық көзқарастары. – Алматы: Жеті жарғы, 1996.
2. Тайшыбай З., Дулатбеков Н. Жақып Ақбаев монография. – Алматы: Жеті жарғы, 1997.
3. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина: Архивные материалы, публикации / Отв. ред. Н.С.Смирнова. – Алма-Ата: Наука, 1972.
4. Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві (ҚОМА) 1487-к., 1-т., 222-іс.
5. Попов Ю., Новиков В. Последнее путешествие Потанина // Индустриальная Караганда. -1969. -17-19 сентября; Потанин Г.Н. На притоке реки Токрау // Сибирская жизнь. – 1914. – №82-84; Соныкі // Семипалатинский край. 1914. - 8 февраля, -24 мая; Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты (ООММ). 86-к., 1-т., 119-іс, 164-п.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
7. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995.
8. Өскембаев Қ.С. Ә.Ә.Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970 жж.). Қарағанды, 2003; Соныкі, Әлімхан Ермеков: Тұлға тағылымы. – Қарағанды, «Арқо»баспасы, 2013. - 213 бет.
9. Мұхтар Құл-Мұхаммед. Жақып Ақбаев – алаштың бас прокуроры. // Егемен Қазақстан. 4; 7-сәуір 1992.
10. Казахи. Девяти томный популярный справочник. Том 2. Исторические личности. Алматы, 1998.